



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ (ҚР ҒЖБМ),
ҚР ҒЖБМ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ**

**ӨСІМДІКТЕР БИОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ БИОТЕХНОЛОГИЯСЫ ИНСТИТУТЫ,
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ,
БОТАНИКА ЖӘНЕ ФИТОИНТРОДУКЦИЯ ИНСТИТУТЫ**


№1 ақпараттық хат

**«ӨСІМДІКТЕР БИОЛОГИЯСЫ МЕН
БИОТЕХНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЖЕТІСТІКТЕРІ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ
(МАРВВ 2026)**




**Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының
академигі Избасар Рахимбайұлы Рахимбаевтың
90 жылдық мерейтойына арналған**

 **19–20 қараша 2026 жыл**

 **Өткізілу орны:** Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

ҚҰРМЕТТІ ӘРІШТЕСТЕР!

Сіздерді Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі **Избасар Рахимбайұлы Рахимбаевтың** 90 жылдық мерейтойына арналған «**Өсімдіктер биологиясы мен биотехнологиясындағы заманауи жетістіктер**» (**Modern Advances in Plant Biology and Biotechnology**  **МАРВВ 2026**) атты Халықаралық ғылыми конференцияның жұмысына қатысуға шақырамыз.

Конференция **2026 жылғы 19–20 қарашада** Алматы қаласында (**Қазақстан Республикасы**) өтеді.

Конференцияның ғылыми бағдарламасы өсімдіктер биологиясы мен биотехнологиясының өзекті мәселелеріне арналады, соның ішінде:

- өсімдіктердің генетикалық ресурстарын зерттеу, сақтау және ұтымды пайдалану;
- өсімдіктердің абиотикалық және биотикалық стресс факторларына төзімділік механизмдері;
- геномдық, протеомдық және метаболомдық технологияларды дамыту және қолдану;
- өсімдіктердің молекулалық-генетикалық және гендік инженерия зерттеулері;
- селекцияда, биологиялық әртүрлілікті сақтау және фитохимияда қазіргі заманғы биотехнологиялық әдістер
- өсімдік тектес биологиялық белсенді қосылыстар

Жоспарланған ғылыми секциялар:

1-секция. Өсімдіктердің генетикалық ресурстары, биоалуантүрлілігі және селекциясы

2-секция. Өсімдіктер физиологиясы, биохимиясы және биотехнологиясы

3-секция. Молекулалық биология және заманауи геномдық технологиялар

Конференцияның жұмыс тілдері: **қазақ, орыс және ағылшын тілдері.**

Конференция ғылыми қарым-қатынас жасауға, тәжірибе алмасуға және жаңа ғылыми байланыстар орнатуға қолайлы алаң болады. Конференция қатысушылары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Ботаника және фитоинтродукция институтының және Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институтының ғылыми қызметімен танысып, сондай-ақ ғылыми ынтымақтастықтың мүмкіндіктері мен болашағын талқылай алады.

Конференцияның ұйымдастыру комитеті қатысушыларды Қазақстанның ең ірі ғылыми және мәдени орталығы – Алматы қаласына келіп көруге шақырады.

Хат алмасу үшін мекенжай:

Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты
050040, Қазақстан Республикасы
Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 45.

Тел./факс: +7 (727) 394-75-62

E-mail: mapbb2026@genes.kz

Website: <https://genes.kz/mapbb/>

МАҢЫЗДЫ КҮНДЕР

Тіркеу өтінімдерін қабылдау: **2026 жылғы 1 маусымға дейін**

Тезистерді тапсырудың соңғы мерзімі: **2026 жылғы 1 шілде**

Материалдардың қабылданғаны туралы хабарлама: **2026 жылғы 1 қазан**

Конференция бағдарламасының жариялануы: **2026 жылғы 1 қараша**

Конференцияның өту мерзімі: **2026 жылғы 19–20 қараша**

МАТЕРИАЛДАРДЫ ТАПСЫРУ

Конференцияға қатысу үшін тіркеу формасы мен баяндама тезистерін электрондық түрде ұйымдастыру комитетінің мекенжайына жіберу қажет: E-mail: mapbb2026@genes.kz

Материалдар конференция тақырыбына сәйкес келуі керек және конференция сайтында орналастырылатын талаптарға сәйкес рәсімделуі қажет.

КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫН ЖАРИЯЛАУ

Конференция қорытындысы бойынша конференция материалдарының электрондық жинағын жариялау жоспарлануда.

ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

Қатысу нысандары:

- Кезек-кезек қатысу, ауызша баяндама жасау
- Онлайн баяндама
- Постерлік баяндама арқылы қатысу
- Баяндамасыз қатысу

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Материалдарды рәсімдеу талаптары, тіркеу формасы және конференция бағдарламасы туралы толық ақпарат ресми сайтта жарияланады: <https://genes.kz/mapbb/>

ҚАТЫСУШЫНЫҢ ТІРКЕУ ФОРМАСЫ МАРВВ 2026, Алматы, Қазақстан, 19–20 қараша

Тегі	
Аты	
Әкесінің аты	
Елі	
Ғылыми дәрежесі	
Ғылыми атағы	
Лауазымы	
Ұйымы	
Телефон	
Пошталық мекенжайы, индексімен	
Е-mail мекенжайы	
Баяндама атауы	
Секция нөмірі және атауы	
Қалаулы баяндама түрі (ауызша баяндама, постер)	
Гала-кешке қатысу (иә / жоқ), бөлек төленеді	

Жіберу нұсқаулығы

Толтырылған тіркеу формасы электрондық пошта арқылы жіберіледі:
mapbb2026@genes.kz

Тезистерге қойылатын талаптар:

- Соңғы мерзім: 2026 жылғы 1 шілде
- Формат: MS Word, 1 бет А4, Times New Roman 12, бір жоларалық интервал
- Түрлердің латынша атаулары – *курсив*
- Тезистерді жіберу мекенжайы: mapbb2026@genes.kz

Тіркеу жарнасы:

- Ересек қатысушылар: **100 USD** (теңгеге сәйкес эквивалент)
- Жас ғалымдар (40 жасқа дейін): **50 USD**
- Гала-кеш: **30 000 теңге**